

КЕЛІСІЛДІ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Гуманитарлық- педагогикалық институты директоры С.Т.Тайман « 7 » _____ 2026 ж. 	КЕЛІСІЛДІ Қалқабай Әбенев атындағы Қоғамдық қорының директоры « 04 » _____ 2026 ж. 	КЕЛІСІЛДІ Қызылорда облысының Қоғамдық даму басқармасының баспасы Р.М.Қаюпов « 9 » _____ 2026 ж. 
---	--	--

«АҒАРТУШЫ МҰРАСЫ — ЖАСТАР КӨЗІМЕН»

атты Қызылорда облысы жоғары оқу орындарының студенттері арасындағы
облыстық шығармашылық байқауының

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже Қалқабай Әбенев атындағы Қоғамдық қордың, Қызылорда облысы Қоғамдық даму басқармасының және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бірлескен бастамасымен өткізілетін «Ағартушы мұрасы - жастар көзімен» атты облыстық шығармашылық байқауын (бұдан әрі - Байқау) ұйымдастыру мен өткізудің мақсатын, тәртібін, шарттары мен талаптарын айқындайды.
- 1.2. Байқау ұлы қазақ ағартушысы, педагог-жазушы Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдық мерейтойына арналған облыстық деңгейдегі іс-шаралар аясында ұйымдастырылады.
- 1.3. Байқауды ұйымдастырушылар (бұдан әрі – Ұйымдастырушылар):
 - Қалқабай Әбенев атындағы Қоғамдық қор;
 - Қызылорда облысының Қоғамдық даму басқармасы;
 - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.
- 1.4. Байқауға Қызылорда облысындағы жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады.
- 1.5. Байқау ашық негізде, ақылы емес түрде өткізіледі. Байқауға қатысу қатысушыдан қандай да бір ақы талап етпейді.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Байқаудың мақсаты - білім алушылардың шығармашылық және кәсіби әлеуетін дамыту, Ыбырай Алтынсарин мұрасы мен ағартушылық құндылықтарды жастар арасында насихаттау.
- 2.2. Байқаудың міндеттері:
 - студенттердің талдамалық ойлау мен шығармашылық қабілетін дамыту;

- ағартушылық және білім беру құндылықтарын жастар арасында кеңінен насихаттау;
- студенттерге өз авторлық жұмыстарын көрсету, кәсіби тәжірибе алмасу мүмкіндігін ұсыну;
- жоғары оқу орындары мен облыстық БАҚ арасындағы шығармашылық байланысты нығайту;
- студенттердің кәсіби бағдарлануына және медиасаладағы тәжірибе жинақтауына ықпал ету.

3. Байқауды ұйымдастыру

- 3.1. Байқауды өткізуге жалпы басшылықты Ұйымдастырушылар жүзеге асырады.
- 3.2. Байқау жұмыстарын қабылдау, тіркеу, техникалық сараптау және қатысушылармен байланысты үйлестіру мақсатында Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Оргкомитет) құрылады.
- 3.3. Ұсынылған жұмыстарды бағалау үшін тәуелсіз сарапшылардан, облыстық БАҚ өкілдерінен және жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамынан тұратын қазылар алқасы құрылады.
- 3.4. Қазылар алқасының құрамы, саны және жұмыс регламенті Ұйымдастырушылардың бірлескен бұйрығымен бекітіледі.
- 3.5. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және қайта қаралмайды.

4. Қатысушыларға қойылатын талаптар

- 4.1. Байқауға Қызылорда облысының жоғары оқу орындарында 1-4 курстарда білім алатын студенттер қатыса алады.
- 4.2. Байқауға тек жеке (дербес) авторлық жұмыстар қабылданады; авторлар ұжымы дайындаған жұмыстар қаралмайды.
- 4.3. Байқауға бұрын өзге де байқауларда марапатталған немесе жинақтарда, БАҚ-та ресми жарияланған жұмыстар қабылданбайды.
- 4.4. Бір қатысушы әрбір номинация бойынша тек бір ғана жұмыс ұсына алады.
- 4.5. Ұсынылатын жұмыс авторлық құқық нормаларын сақтауы, үшінші тұлғалардың материалдарынан көшірілмеуі тиіс. Плагиат немесе авторлық құқық бұзушылығы анықталған жағдайда жұмыс байқаудан шеттетіледі.

5. Байқау номинациялары

- 5.1. Байқау мынадай номинациялар бойынша өткізіледі:
 - бейнематериал;
 - сараптамалық мақала;
- 5.2. Ұсынылатын жұмыстардың тақырыбы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық мұрасына, сондай-ақ қазіргі қоғамдағы білім, тәрбие және ағарту мәселелеріне арналуы

тиіс. Бұл тақырыптар «Адал азамат», «Таза Қазақстан», «Заң мен тәртіп» идеологиялық тұжырымдамалары арқылы ашылуы тиіс (автордың қалауына қарай).

6. Жұмыстарға қойылатын техникалық талаптар

6.1. Бейнематериалдардың хронометражы 2-5 минут аралығында болуы тиіс. Оны репортаж, қысқаша ролик (reels не shots) немесе подкаст жанрында түсіруге рұқсат. Бейнематериалдарды смартфонмен түсіруге болады. Репортаж бен подкаст – көлденеңінен, қысқаша ролик – тігінен түсіріледі.

6.2. Мақалалардың көлемі 3 беттен аспауы тиіс (қаріп – Times New Roman, кегль – 14, жол аралығы – 1,15).

6.3. Жұмыстар PDF, MP4 форматтарында болуы тиіс.

6.4. Жұмыстар қазақ немесе орыс тілдерінде қабылданады.

6.5. Жұмыспен бірге өтінім нысаны толтырылып ұсынылады, онда автор туралы мәліметтер (Т.А.Ә., оқу орны, факультеті, курсы, байланыс телефоны мен электрондық поштасы) көрсетіледі.

7. Байқауды өткізу кезеңдері мен мерзімдері

Кезең	Мерзімі
Байқаудың басталуы	2026 жылғы 1 қыркүйек
Жұмыстарды қабылдаудың аяқталуы	2026 жылғы 1 қазан
Қорытынды шығару	2026 жылғы 20 қазанға дейін
Марапаттау рәсімі	2026 жылғы 25 қазан

8. Жұмыстарды бағалау критерийлері

8.1. Ұсынылған жұмыстар мынадай критерийлер бойынша бағаланады:

- тақырыптың ашылу деңгейі мен мазмұнның тереңдігі;
- авторлық көзқарастың өзіндігі және шығармашылық тәсіл;
- материалдың тілдік сауаттылығы, стилі мен журналистік құрылымы;
- техникалық орындалу сапасы (бейнематериалдар үшін — операторлық өнер, монтаж, дыбыс пен бейне сапасы).

8.2. Қазылар алқасы әрбір жұмысты 100 балдық жүйе бойынша бағалайды, қорытынды балл қазылар алқасы мүшелерінің бағаларының орташа мәні негізінде анықталады.

9. Марапаттау тәртібі

9.1. Конкурс қорытындысы бойынша әр номинация бойынша үш жүлделі орын анықталады: I орын, II орын және III орын.

9.2. Жеңімпаздар диплом және ақшалай сыйлықпен марапатталады.

9.3. Марапаттау рәсімі салтанатты жағдайда, алдын ала белгіленген күні өткізіледі.

9.4. Байқаудың үздік жұмыстары облыстық және республикалық БАҚ-та жариялануы мүмкін.

9.5. Жеңімпаздарға облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында тағылымдамадан өту мүмкіндігі берілуі мүмкін.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Байқауға қатысу үшін жұмыстар мен толтырылған өтінім Ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасы арқылы қабылданады:

Жүзеев Серікхан Әлханұлы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы, философия докторы (PhD).

Электрондық пошта: serikkhan@korkyt.kz

Телефон: +7 778 313 55 04

10.2. Хатқа жұмыстың файлдары, өтінім және (қажет болса) материалға сілтеме қоса тіркеледі. Ұйымдастыру комитеті жұмыстың қабылданғаны туралы үш жұмыс күні ішінде жауап хат жібереді.

10.3. Белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған, сондай-ақ осы Ереженің талаптарына сай рәсімделмеген жұмыстар қаралмайды.

10.4. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Ұйымдастырушылардың бірлескен шешімі негізінде енгізілуі мүмкін.

10.5. Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және Байқау аяқталғанға дейін қолданылады.

Байқаудың ресми ұраны:

«Ағартушы мұрасы – жастар көзімен»

ӨТІНІМ

«Ағартушы мұрасы – жастар көзімен»

атты облыстық шығармашылық байқауына қатысуға

Номинация	
Жұмыстың атауы	
Жанры / форматы	
Автордың Т.А.Ә. (толық)	
Оқу орнының толық атауы	
Факультет / білім беру бағдарламасы	
Курсы	
Байланыс телефоны	
Электрондық поштасы	
Ғылыми жетекшісінің Т.А.Ә., лауазымы (болған жағдайда)	
Жұмыстың бұрын жарияланғаны туралы мәлімет (басылым, күні, сілтемесі)	
Ұсынылатын файлдардың тізімі / сілтемесі	

Ұсынылып отырған жұмыстың авторы екенімді, оның бұрын өзге байқауларда марапатталмағанын растаймын. Байқау ережесімен таныстым және онымен келісемін. Дербес деректерімнің Байқауды ұйымдастыру мақсатында өңделуіне келісім беремін.

Қатысушының қолы _____

Күні «____» _____ 2026 ж.

